

Саржал ауылының орталығындағы көшелерге атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Саржал ауылдық округінің әкімінің 2010 жылғы 15 шілдедегі N 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 тамызда N 5-5-116 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 «Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес, тұрғындардың пікірін ескере отырып, **ШЕШЕМІН:**

1. Саржал ауылының орталығындағы атауы жоқ екі көшеге төмендегі атаулар берілсін:

- Үмбетейұлы Көкенай батыр.

- Саржал ауылында кезінде мектептің алғашқы ұстазы болған Ыбырай Матаев.

2. Осы Шешімнің орындалуына бақылау, басшылық жасау, ауыл әкімшілігінің бас маманы С. Ыбырайға жүктелсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күннен кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Саржал ауылдық округінің әкімі:

Қ. Б. Қалиев